

А.К. Каринов^{1*}, Ж.Қ. Смағұлов¹, Р.Т. Сағадатов²

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
(E-mail: abylayqarin@gmail.com, jandosmagulov@mail.ru, akma.2000.2006@mail.ru)

Қазақ әдебиетін оқытудағы коучинг және менторинг әдістерін қолданудың ғылыми-практикалық ерекшеліктері

Бұл зерттеу жұмысында орта мектеп оқушыларына қазақ әдебиеті пәнінің оқу мазмұны қамтыған қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқытуда коучинг және менторинг әдістерін қолданудың ғылыми-практикалық перспективасы қарастырылған. Әдебиет моральдық құндылықтарды насихаттау арқылы коучинг, менторинг, психология, тұлғалық даму, бизнес сияқты салалармен байланысады. Зерттеу бір айлық коучинг және менторинг курсына жасөспірімдердің дайындаған «өмірлік сценарийлерін» және әдебиеттің жаңа әдістер арқылы оқытудағы мүмкіншілігін анықтау мақсатында жүргізілген фокус-топ сұхбатын талдауға негізделген. Мақалада қазақ әдебиетін оқытуда коучинг/менторинг әдістерін енгізу оқушыларды алға қойған мақсаттарына жетістіктерге жетуге көмектеседі деген қорытынды жасалған. Әдеби шығармаларды коучинг және менторинг әдістері арқылы оқыту отандық мектептерде бұрын соңды қолданылмаған. Мақала мұғалімдерге коучинг/менторинг әдістерін мектеп пәндерін оқытуда қалай қолданысқа енгізудің үлгісін көрсетеді.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, әдіс, коучинг, менторинг, оқыту, өмірлік сценарий.

Кіріспе

ҚР Білім және ғылым министрлігі 2016-2017 оқу жылынан бастап барлық жалпы білім беретін мектептерде жанартылған білім беру реформасын енгізе бастады. Жаңа реформа оқушылардың функционалдық сауаттылығын және сыни ойлауын дамытатын мектеп пен шынайы өмір арасындағы «байланыстырушы көпір» болуға бағытталған. Осы реформа басталған кезде орта мектепте мұғалім болып жұмыс істеу жаңа реформаның оқыту үдерісіне қалай енгізілгенін, туындағанын қиындықтардың мән-жайын түсінуге көмектесті. Әрбір адам өзінің білімі мен тәжірибесіне сүйенеді, сондықтан бұл жұмыс қазақ әдебиеті мұғалімінің оқу бағдарламасының артықшылықтары мен мәселелеріне байланысты тәжірибесіне негізделген. Зерттеу жұмысында коучинг және менторинг әдістеріне қатысты жүргізілетін барлық тәжірибелер әдебиетті оқыту контекстінде қарастырылған.

Отандық мектептерде коучинг пен менторинг оқытылатын пәндердің бағдарламасына кіріктірілмеген, мұғалімдерді дамытуға бағытталған әдістер ретінде қарастырылады. Әр түрлі бизнес коучинг/менторинг семинарларына қатысу мектепте қазақ әдебиетін оқытуда коучинг/менторингтің кейбір әдістерін енгізуге көмектесті. Коучинг пен менторинг әдебиетпен біршама ұқсастығы бар: екеуі де адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, дидактикаға және моральдық құндылықтарға бағытталған [1, 135]. Білім беру саласындағы реформаларды зерттеуші Фулланның айтуынша, мұғалімдік — оқушылардың адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағытталған моральдық мамандық [2]. Бұл зерттеу жұмысында коучинг/менторинг әдістерін орта мектеп оқушыларына қазақ әдебиетін оқытуда қалай қолдануға болатындығы зерделеніп талданады.

Әдебиетке шолу

Бүгінгі әлемдік білім беру қауымдастығы мектептегі мұғалімге пәнді игеруде оқушыға берілген білімді практикада қолдануға жағдай жасау, сыни және шығармашылық ойлауға мүмкіндік туғызу және тұлғааралық қатынас дағдыларына машықтандыруға баса назар аудару керектігін дәлелдейді. Мұғалімдердің бұл іс әрекетінің қажеттіліктері білім берудегі мазмұнның жылдан жылға өзгергендігімен негізделеді.

2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында биылғы жылы оқу пәндерінің мақсаты мен міндеттері заманның талабына сай өзгертілген болатын. Әдебиет пәнінің

*Хат-хабарларға арналған автор. e-mail: abylayqarin@gmail.com

міндеті «Сыни ойлауды дамыту», «Эмоциялық интеллектіні дамыту», «Жеке тұлғаны және құндылық бағдарларын қалыптастыру» деп көрсетілген. Әдебиет пәнінің мазмұнын игерту арқылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі оқушылардың бойында жоғарыда аталған міндеттерге жету үшін тиімді әдістердің бірі ретінде коучинг және менторингті атап өтуге болады [3]. Сонымен қатар, көркем әдебиет оқушыларды шығармашылыққа, кітап оқуға, сөйлеу мәдениетін дамытуға, жағымды/жағымсыз әдеби кейіпкерлердің мысал ете отырып жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге бағыттайды [4].

Негізінен мектеп деңгейіндегі коучинг пен менторинг — отандық білім беруде кеңестік кезеңнен бар ұғымдар. КСРО-да білім беру саласында «тәлімгерлік» («наставничество») ұғымы кең қолданылды. Бұл тәжірибелі мұғалімдердің жас мамандарды оқу ортасына бейімдеу, әлеуметтендіру, қолдау мақсатында жол көрсетуі. «Тәлімгер» ұғымын «бағыттаушы», «қолдау», «коуч», «ментор» деп аударуға болады [5]. Алайда, жаңартылған білім беру бағдарламасының реформасы басталғанға дейін отандық мектептерде жас мұғалімдерге тәлімгерлік ету жаңашаланбай тек сол КСРО кезіндегідей үлгіде қала берді. Сармурзин бастаған зерттеушілер тобы 50-ге жуық мектеп директорларының тәжірибесін зерттей келе жас мектеп лидерлеріне мансап жолында қолдау көрсетуге арналған арнайы менторшип (тәлімгерлік) бағдарламасын құруды ұсынады [6]. Дегенмен, бұл зерттеу жұмысы коучинг пен менторингті сәл өзгеше тұрғыдан қарастырады.

Коучинг/менторинг екеуі де, жалпы алғанда, оқушыларға мақсатқа жетуге, өзгерістерге, өсуге, өнімділікті арттыруға, білім алуға ынталандыруға бағытталған және эмоциялық интеллектіні, сыни ойлауды, креативтілікті қалыптастыруды көздейді [7, 7-8]. Олар оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға көмектесе алады. Коучинг пен менторинг арасында кейбір айырмашылықтар да бар. Коучинг проблемаларды анықтау үшін тұлғамен диалог жүргізуді қажет етеді [8]. Коучинг ұзақ не қысқа мерзімге созылуы мүмкін және әдетте менторингтен гөрі ұзаққа созылады [9], [10, 45-63]. Менторингтің қысқа мерзімді болуы мектеп бағдарламасындағы сабақ тақырыптарының уақыт жағынан шектеулі болуына сәйкес қолдануға жол ашады. Қысқа сабақта оқушыларды ұзақ уақыт бақылауға алу қиындау (бір сабақ 45 минутқа ғана созылады). Екінші жағынан, коучинг сессиялар жүргізу сынып жетекшілері үшін қолайлырақ болуы мүмкін, өйткені олар сыныптың оқуға деген ынтасына, дамуына, психологиялық ахуалына мән береді. Сонымен қатар, олар ата-аналармен және пән мұғалімдерімен бірлесе жұмыс жүргізеді.

Гомердің «Одиссея» поэмасы коучинг пен менторинг көне дәуірден бастау алғанын көрсетеді. Шығармада Телемакустың әкесі Улиссес Троя жорығына кеткен кезде ұлын Ментор досына қамқорлыққа қалдырады [11, 12]. Андерсон және Шеннон атты ғалымдар менторингті біліктілігі мен тәжірибесі неғұрлым көп адам өзінен тәжірибесі аз адамға демеушілік жасайтын, үйрететін, кеңес беретін және ынталандыратын үдеріс деп сипаттайды [13; 38–42]. Кочанның айтуынша, менторингті қолдану ұйымдарды (топтарды) және жеке адамдардың өмірін күшті әрі қызықты жолмен өзгертіп, түрлендіре алады [14]. Сонымен қатар, менторлар ғылыми зерттеулерді күшейтуге, кәсіби тұрғыдан өсуге көмектеседі және психоәлеуметтік қолдау көрсете алады [15]; ментилер үшін «кәсіби бағдаршы», «дос», «интеллектуалдық жетекші» және «ақпарат көзі» бола алады [16]; тәлім алушыларының оқу үлгерімін жақсартуына және оқуға көңіл бөлуіне көмектеседі [17]; менторлар оқушыларға бағыт-бағдар беріп, алкоголь мен есірткі тұтынуды азайтуға, мектептен себепсіз қалуды тоқтатуға [18], оқушылардың эмоциялық және әлеуметтік дамуын жақсартуға [19], ата-аналармен жақсы қарым-қатынас орнатуға көмектесе алады [11]. Бұдан өзге, менторинг оқушылардың оқудағы жетістіктерін арттыруға пайдалы болуы мүмкін. Соның ішінде, олардың мотивациясына, үй тапсырмаларын орындауына, өзіне деген сенімділігіне және оқуға ден қоюына ықпал етеді [20]. Коучингке келетін болсақ, ол оқушылардың эмоциялық және әлеуметтік дамуын арттыруда маңызды рөл атқаруы мүмкін [19]; адамдарды өзгеріске, тиімділікке, істе өнімді және табысты болуға жетелейді [10; 56–58]; эволюциялық сипатқа ие [7, 8]. Кейбір айырмашылықтардың болуына қарамастан, коучинг пен менторинг әдетте өте ұқсас келеді [19, 21].

Пристлидің пікірінше, білім беру саласындағы өзгерістер мен реформалар негізгі осы өзгерістердің «агенттері» саналатын мұғалімдерге байланысты [22]. «Ішкі ойын» теориясының негізін қалаушы Тимоти Галуи да адам өміріндегі барлық өзгерістер индивидтің ішінен басталады деп мәлімдейді [23; 13–36]. Ол өз «ішкі ойынының» жеңімпазы болу спортшылардың нағыз ойында оңай чемпион атануға әсер ететінін түсіндіреді. Егер спортшы жеңіске жетуге ойша дайын болса, шын өмірде жеңіске жету мүмкін болады. Олардың өзіне деген сенімі табысқа жетудің кілті. Бұл теорияны білім беру саласына да қолдануға болады. Егер мұғалім оқушылардың өзгеруіне әсер етіп,

үлгі бола алса, оны құзіретті мұғалім деп санауға болады. Көбінесе онымен тек жоғары білікті және тәжірибелі мұғалімдер ғана күресе алады, бұл кез келген мұғалімнің қолынан келе бермейді. Оқушылардың ішкі ынтасы мен мінез-құлқын күшейту олардың сыртқы мотивациясын және мінез-құлқын дамытуға көмектеседі. Маслоу мотивацияның бес сатысы бар екенін атап көрсетеді: 1) психологиялық (сусын, тамақ, баспана, т.б.); 2) физикалық қауіпсіздік; 3) әлеуметтік (достық, махаббат, топтық қабылдау); 4) эго (мәртебе, құрмет, бедел); 5) өзін-өзі жүзеге асыру (табыс, психологиялық өсу) [24, 241-260]. Осының ішінде оқуға деген мотивация соңғы тармақпен, өзін-өзі жүзеге асырумен көбірек байланысты.

Әдісі

Зерттеу жұмысының деректері бірнеше әдістер арқылы жинақталды. Алдымен орта мектептегі әдебиет пәні бағдарламасының мазмұнына шолу жасалды. Мотивация, сенімділік, еңбекқорлық, мақсат қою сияқты коучинг және менторингпен мағыналас өлеңдер, романдар, әңгімелер сұрыптап алынды. Келесі кезекте осы таңдалып алынған әдеби шығармалар мағынасына сәйкес салыстырмалы талдау жасалды. Мәселен, Абайдың 15-ші қара сөзі GROW деп аталатын коучинг жаттығуларымен салыстырылып, айырмашылықтары, ұқсастықтары айқындалды. Келесі кезекте, 14-18 жас аралығындағы мектеп оқушылары үшін арнайы бір айлық коучинг/менторинг курсы өткізілді. Әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram, WhatsApp) арқылы таратылған ақпарат хатқа біршама мектеп оқушылары қызығушылық білдіріп, нәтижесінде 30-ға жуық оқушы курсқа тіркелді (курс тегін өткізілді). Курс онлайн форматта ұйымдастырылып, Zoom платформасы арқылы бес ақпараттық кездесу, дәрістер сессиясы ұйымдастырылды. Кездесулерге оқушылардың барлығы дерлік қатысты; дегенмен, қатысушылардың әр сессиядағы орташа саны шамамен 15-20-і құрады. Кейбір оқушылар әртүрлі себептермен кейбір онлайн сессияларға қатыса алмады.

Барлық дәрістер мен жаттығуларды орындау аяқталғаннан кейін қатысушылардың курс туралы ойы мен әсерін анықтау үшін фокус-топ форматында қосымша онлайн сұхбат ұйымдастырылды. Сұхбаттың мақсаты әдеби шығармаларды оқып, түрлі жаттығулар жасау оқушылардың жеке өнімділігіне, өзіне деген сенімділігіне және академиялық нәтижелеріне әсерін анықтау болды. Оқушылардан алынған фокус-топтық сұхбат талданып, негізгі заңдылықтар анықталды. Мағынасы жақын жауаптар топтастырылып, кодталды [25]. Жалпы алғанда, бұл сапалық зерттеуде кейс-стади элементтері, фокус-топ сұхбаты және мәтіндердің мазмұнын талдау, кодтау жүргізілді.

Талқылау

Қазақ ойшылы Абай жастарды оқуға бағыттауды келесі сөздермен түсіндіреді: «Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша» [26; 151]. Бұл кейбір коучтер мен менторлардың қолданатын «Бәліш және қамшы» әдісіне өте ұқсас [27]. «Ерік күші» деген ойдың Галуидің «ішкі ойын» теориясымен ұқсастығы бар сияқты. Екі ой да оқушыны ересектердің (мұғалімдер, ата-аналар, аға-әпкелер, т.б.) бақылауынсыз өз бетімен білім алуы жайында айтады.

«Бәліш және қамшы» техникасы өзінің өміршеңдігін талай рет көрсетті. Дегенмен, ата-ана алдымен баласының қалауы мен пікірін ескергені дұрыс. Коуч-кастодиандар адаммен диалог жүргізу арқылы оның не қалайтынын, не ойлайтынын және неге сенетінін анықтауға болатындығын айтады. Тәлімгерлермен әңгімелесу коучтерге де олардың бойындағы проблеманы анықтауына және сол арқылы жаңа нәрсеге бағыттауына көмек береді [8]. Курс барысында уақыт тапшылығына байланысты әр оқушымен терең диалог құру қиын болғанына қарамастан барлық қатысушының сұранысына жауап берілді. Оның үстіне, жаңа реформа басталғанға дейін сабақтардың барлығы дерлік мұғалімге бағытталған дидактикалық форматта өтетін еді. Жаңа оқу бағдарламасы оқушыға бағытталған білім беруге көшуді мақсат етті. Алайда, әуелде мектеп ұжымы, мұғалімдер, тіпті оқушылар да бұл жаңалықты қабылдауға дайын болмады. Бұған министрліктің оқу бағдарламаларын өзгертуі, жаңа мазмұндағы кітаптарды қайта басып шығаруы және орындайтын жаттығуларды оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бейімдеуі реформаны біраз жеңілдетті. Бірақ мектептегі қазақ әдебиеті пәнінің форматы жаратылыстану пәндері секілді теориялық/зертханалық болып бөлінген жоқ. Бұл, әрине, оқушылардың дәрістерде алған білімдерін тәжірибеде қолдануына жол ашады. Ал әдебиет пәнінің мұғалімі бір 40 минуттық сабақты шартты түрде теориялық/практикалық деп бөлуіне тура келеді. Бір айлық коучинг/менторинг курсына қатысушылардың бірі бұл жайлы атап өтті:

«Мектепте осы онлайн курстағыдай Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін талдаған жоқпыз. Барлық тақырыптарды дұрыс талдау үшін мектеп сағаттары жеткіліксіз сияқты. Мүмкін, сыныпта көп оқушы болғандықтан ба немесе мұғалімдердің пәнге деген көзқарасына байланысты шығар... Әдебиеттің бұл деңгейде адамдарға әсер ететінін түсінбедім. Қазір мен бірнеше мақсат қойдым және оқуда нәтижелі болдым. Тоқтағым келмейді, жалғастырамын...».

Диалогтар оқушыларды тыңдауға ыңғайлы және осылайша олардың әлсіз және күшті жақтарын анықтауға болады. Менторларға тәлімгерлердің өнімділік сапасын бағалау пайдалы болуы мүмкін [28]. Сондықтан оқушылар коучтер мен менторлардың сүйемелдеуінсіз-ақ, істің пайдалы/пайдасыз жақтарын анықтай алады. Қазақ ойшылы Абай бұл жолда адамның өз-өзімен диалог жүргізуін ұсынады:

«Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыптысың...» [26; 108].

Абай өз-өзімен сөйлесу адамға қазіргі жағдайын өткен уақытпен салыстыруға көмектесетінін айтады. Егер адам өз-өзінен есеп алуды жүйелі түрде орындаса, эмоциялық жағдайды бағамдап отыру, стреске түспеу әлдеқайда жеңіл болатын еді. Бір айлық коучинг және менторинг курсының қатысушыларына осы қара сөз негізінде жасалған арнайы кесте берілді (1-кесте). Оқушылар соңғы алдыңғы күн, апта, айдың қалай өткенін талдап, үш бағанды толтырып отырды. Үш бағанға қатысушылар оқу нәтижелеріне (біліміне), жеке өміріне және «ахиретіне» (қоғамға немесе басқа адамдарға пайдалы әрекеттеріне) қатысты үш пайдалы және пайдасыз іс-әрекеттерін белгілеп отырды. Сондай-ақ, жасыл және қызыл түстер осы әрекеттердің пайдалы/пайдасыздығын белгілеу үшін қолданылды.

1 - кесте

Абайдың қара сөзінің негізінде жасалған іс-әрекеттерді талдауға арналған кесте

Іс-әрекет түрлері	Уақыт аралығы					
	Күн		Апта		Ай	
	Пайдалы	Пайдасыз	Пайдалы	Пайдасыз	Пайдалы	Пайдасыз
Білім алу (мектептегі үлгерім)	1)	1)	1)	1)	1)	1)
	2)	2)	2)	2)	2)	2)
	3)	3)	3)	3)	3)	3)
Өмір (спорт, хобби, қосымша оқу, т.б..)	1)	1)	1)	1)	1)	1)
	2)	2)	2)	2)	2)	2)
	3)	3)	3)	3)	3)	3)
“Ахирет” не басқа адамдарға пайдасы (сыныптастар, ата-аналар, мұғалімдер)	1)	1)	1)	1)	1)	1)
	2)	2)	2)	2)	2)	2)
	3)	3)	3)	3)	3)	3)

Бір айлық курсқа қатысушылардың барлығы дерлік бұл үй тапсырмасын қызықты деп тауып, толтырған кестелерін электрондық поштаға жіберіп отырды. Кейбір қатысушылар аптасына үш-бес кесте жібергендіктен жедел кері байланыс беріліп отырды. Бірер уақыттан кейін кестелер саны сиреді. Бұл тапсырма оқушыларға өз-өзін тануға, талдауға көмектесетін жұмыс екені түсіндірілді. Жаттығуды күнделікті немесе апта сайын орындауға кеңес берілді. Қатысушылардың басым бөлігі тапсырманы аптасына бір рет орындап отыру ыңғайлы екендігін айтты. Тағы бір бөлігі бұл жаттығуды күнделікті орындағанмен, онымен бөлісуге ұялып, құпия сақтайтынын жеткізді. Сонымен қатар, бұл жаттығуларды мүлде орындамай, кері байланысқа шықпаған бірнеше қатысушы болды. Армстронгтың айтуынша, әдетте 90 пайызға жуық ақыл-кеңеске адамдар «біз бұны білеміз», «бұрыннан белгілі» деп қарайды. Сондықтан, олар жанадан үйреніп-білген білімді, ақпаратты, лайфхакты іс жүзінде қолданбауға бейім келеді [8].

1-кестеде берілген тапсырма көптеген коучтер мен менторлар қолданатын GROW моделімен ұқсас келеді. Бұл модель өз міндеттерін төрт кезеңге бөліп қарастырады: Мақсаттар (Goals — негізгі мақсат), Қазіргі жағдай (Reality — нақты қазіргі жағдайды анықтау), Мүмкіндіктер (Options — барлық мүмкіндіктерді бағамдау) және Ерік (Will — нақты харекет жоспары). Осының ішінде қазіргі жағдайды анықтау басқа кезеңдерді өзара байланыстыратын ең негізгі кезең болып табылады. Жалпы

алғанда, GROW моделі адамдарды белгілі бір мақсатқа жету жолында жұмыс істеуге бағыттайды. Қазақ әдебиетінде GROW моделінің кезеңдерімен сәйкестендіруге болатын көптеген шығармалар бар. Мысалы, «Құр білген не керек, білгенді қылған сол керек...» (Шәкәрім) [29; 86], «Білімдіден шыққан сөз. Талаптыға болсын кез» (Абай) [30], «Адам баласының ең жаманы талапсыз...» (Абай) [26; 179]. Бұдан өзге мектеп оқулықтарында осы тақырыпта «Дүние қалай етсең табылады?» (Алтынсарин), «Шығамын тірі болсам адам болып» (Торайғыров), «Қар күреген бала» (Әбдіқадыров), «Жаяу сүйреген шана» (Әбдіқадыров) секілді шығармалар да қамтылған [31; 48–49], [32; 55–56, 86–93].

Бір айға созылған онлайн курсқа қатысушыларға еңбекқорлық тақырыбын насихаттау үшін жоғарыда атап өткен әдеби шығармаларды оқуға не қайта оқып шығуға ұсыныс жасалды. Қорытынды фокус-топ сұхбатында қатысушылардың көбі бұл әдеби шығармаларды бұрын оқығаннан естерінде қалғанын, осы курс арқылы қайта оқып естеріне түсіргенін атап өтті. Кейбір қатысушы алдағы уақытта бұл шығармаларды қайта оқуға жоспары бар екендігін айтты.

Қысқа мерзімді коучинг және менторинг курсы оқушылардың өз-өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектесті. Мектептегі қазақ әдебиетінде бұл тақырыпқа қатысты өлеңдер аз емес. Соның бірі Қазтуғанның «Қонысымен қоштасуы» ақынның жау шапқыншылығына байланысты туған жерінен амалсыз қоныс аударуына арналған. Өлеңнің идеясы оқушыларды туған жерді сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Жауға қарсы соғыста қайғылы жағдайға ұшырағанына қарамастан, ақын өзіне деген берік сенімін жоғалтпайды:

*Буыршынның жалғыз қырқар азуы,
Бөкеннің желіп өтер төрт саны,
Бұғының ауыр қара мүйізі,
Бидайықтың жалғыз соғары,
Қашағанның ұзын құрығы,
Ақ орданың тіреу сырығы,
Айдаса — қойдың көсемі,
Сөйлесе — тілдің шешені,
Арғымағын жаз жіберіп, күз мінген,
Күз жіберіп, жаз мінген,
Жазаласа — екі жылда бір мінген,
Жолдасын жолай іздеген,
Өзіне тиген дұшпанын
Қарт бурадай тіздеген —
Мен — Қарғабойлы Қазтуған [33; 56].*

Өз-өзіне сенімді болу тақырыбына арналған келесі өлең Пушкиннің «Ескерткіші». Орыс ақыны өзінің шығармашылық мұрасын «Мәңгілік өлмейтін ескерткіш» деп бағалайды:

*Ескерткіш өзіме орнаттым келмес қолдан,
Ескірмес соқпақ оған халқым салған;
Александр мұнарасынан оза тартып,
Бас имей асқақ шалқып дараланған [33; 188].*

Пушкин дұрыс болжаған, өйткені бүгінде оның өлеңдері дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылады. Шығармаларын балалар ғана емес, ересектер де оқиды. Осы тақырыптағы келесі шығарма Сұлтанмахмұттың өлеңі «Шығамын тірі болсам адам болып». Бұл өлеңнен де ақынның болашаққа, өзіне деген сенімділігі, ерекше күш-жігері, қайраттылығы байқалады:

*Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп, надан болып [34; 80].*

Қарап отырсақ бұл үш шығарма да адамның өз-өзіне, мүмкіндіктеріне сеніммен қарау керектігін көрсетеді. Егер адам өз күшіне, мақсатының жүзеге асатынына сенбесе, оны жүзеге асыру қиынға соғатыны анық. Бұл ретте Пушкиннің «Ескерткіші» жақсы мысал бола алады, бұнда автор өзінің болашағы жайлы үлкен сенімділікпен айтып отыр. Бір айлық коучинг/менторинг курсына қатысушылардың көпшілігі өз-өзіне деген сенімділікте кейбір қиындықтардың бар екенін айтты. Осы кедергіден өтуге көмектесу туралы өтініш білдірді. Сол себепті, кеңесе келе жоғарыда аталған өлеңдерді оқытып, мағынасына ой жүгірткіздік. Одан әрі оқушыларға осы тақырыпты тереңдете

түсіну үшін бұдан өзге де психологиялық және әдеби кітаптар, әндер, бейнероликтерді көруге ұсыныс берілді. Сонымен қатар, қатысушылар «Өмірлік сценарий» жазуға арналған арнайы жаттығу орындады.

Өзін басты рөлге қойып «Өмірлік сценарий» жазуды бірнеше коучтер/менторлар ұсынады [35, 94–99]. Бұл алға түрлі мақсаттар қоюға, сол мақсаттарға жетуге және адамның өзіне, болашағына деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі. Курс қатысушылары осы орайда өз сценарийлерін жазып, электрондық пошта арқылы жіберді. Әрбір сценарий оқылып, ұсыныстар мен кері байланыс жазылып оқушыларға қайта жіберілді. Бұдан өзге төрт оқушының жеке сұранысы бойынша сценарийлерін талдау мақсатында онлайн сессиялар ұйымдастырылды. Нәтижесінде біршама қатысушы өзіне деген сенімсіздікті жеңеді:

«Мен әуелі миллиардер, сосын Қазақстанның президенті болуды армандаймын. Сонда мен қаражатымның бір бөлігін Қазақстан экономикасын арттыруға жұмсай аламын. Бұл біздің елімізді алдыңғы қатардағы елдердің біріне айналдыруға көмектесуі керек...» (4-оқушы).

«Мен Илон Масктың компаниясына жұмысқа орналасқым келеді. Менің ойымша, онда жұмыс істеу маған үлкен тәжірибе береді. Тіпті біраз тәжірибе жинақтаған соң SpaceX, Microsoft, Amazon-нан да ауқымдырақ әрі табысы көбірек болатын өз компаниямды құра аламын...» (5-оқушы).

Қатысушылардың жасын ескеретін болсақ, бұндай асқақ арман-мақсат қою қалыпты жағдай. Қазтуғанның, Пушкиннің, Сұлтанмахмұттың өлеңдері өршіл сенімділіктің жарқын үлгісі болған сынайлы. Дегенмен, қатысушыларға мақсаттарын нақты, айқын мақсаттар қою ұсынылды, өйткені ондай мақсатқа қол жеткізетініне адам оңай сенеді. Әлбетте, ұзақ уақытқа арналған асқақ арман, ұлы мақсат та қоюға болады.

Қатысушылардың өмірлік сценарийлерінде ең көп кездесетін мәселенің бірі тәртіп пен уақытты басқару болды. Сабаққа және емтиханға дайындалуға уақыт жетпейтін көрінеді. Бұл жолда оқушыларға кезекті онлайн дәрісте уақыттың қадірі, іс-әрекет жоспары, адамның өз қуатын басқару, басымдықтарды анықтау мәселесі түсіндірілді. Келесі кезекте тайм-менеджмент тақырыбындағы қазақ әдеби шығармаларын, соның ішінде, Абайдың «Сағаттың шықылдағы емес ермек», Майлықожааның «Жастық шақтың қадірі» өлеңдері, Алмас Темірбайдың «Уақыт қадірі» поэмасы оқылды. Бұдан өзге интернет желісіндегі аудио және бейнематериалдармен қарап танысуға кеңес берілді.

«Алтын дәптерге» қарасақ, жиырмадан бергі жасымызда, соңғы отыз алты жыл ішінде жобаланған шығармалар сұлбасы: жиырма бес роман, қырық тоғыз хикаят, жүз отыз төрт әңгіме болып шықты... бар бітіргеніміз: алты роман, жеті хикаят, қырық әңгіме; дәл соншама уақыт және одан да көбірек қайрат жұмсап жасалған ғылыми зерттеулер — бір том, тарихи зерттеулер, әдеби сын және түрлі сыпаттағы мақалалар — үш томның үстінде...» [36, 164].

«Он сегізден жиырма беске дейінгі, ең қажетті жеті жыл осындай нұқтасыз кеңшілікте өтті. Бос кеткен жоқ, әрбір тәулік есепте болды. Жас кездегі, әрбір сағат кейінгі тұтас күндерге татитын өнімді, қымбат уақыт — осы ұзақ жеті жыл тек оқу мен тоқуға жұмсалды. Күніне кем дегенде он сағат, көбінесе он екі-он бес сағат тек ала қағазбен ғана болыптыз...» [36, 231].

Эверард бастаған ғалымдар үш түрлі кеңес уақытты басқаруға көмектеседі дейді. Олар: күнделікті істер тізімін жүргізу, іс-әрекеттер күнделігін жүргізу және іс-әрекеттерді жоба түрінде жоспарлау [27]. Курс барысында ұсынылған бейнероликтерді көру коучинг/менторинг үдерісіне қосымша көмегін тигізуі тиіс. Сол себепті әртүрлі деректі фильмдердің, көркем фильмдердің, аудиокітаптардың сілтемелері оқушылардың электрондық пошталарына жіберілді. Бір жағынан электронды ресурстарды қолдану уақытты үнемдеуге көмектеседі, тіпті оны мектепке бара жатқанда, серуендегенде де қолдануға болады. Әдетте, көзбен көріп, құлақпен естуге адам көп күш жұмсамайды, уақытты да, энергияны да сақтауға болады. Брайан Трейси егер адам өмір бойы жұмысқа бара жатқанда және қайтар жолда күнделікті аудиокітап тындайтын болса, толық бакалавриат деңгейімен салыстыруға болатынындай білім алатынын атап өтеді [37].

Қорытынды

Зерттеу барысында орындалған тәжірибелер қазақ әдебиеті шығармаларын коучинг және менторинг арқылы оқытудың мәні зор екенін көрсетті. Өз-өзіне талдау жасау бір айлық коучинг/менторинг курсының қатысушыларына оң әсер етті. Оқушылар Майлықожааның, Пушкиннің, Сұлтанмахмұттың өлеңдері олардың ой-өрістерін кеңейтуге, өз-өзіне деген сенімділігін арттыруға,

мақсат қоюды үйренуіне оң әсер етті. Бұл тәжірибенің тағы бір маңызды ерекшелігі, қатысушылардың барлығы алғаш рет «өмірлік сценарийлерін» жазуында. Бұл жаттығу оқушыларға мақсат қоюды, мақсаттарды дұрыс талдауды үйретті.

Жалпы алғанда, әдеби шығармаларды мысалға алып коучинг пен менторинг әдістерін қолдану оқушылардың ой-санасын өзгертуіне, ерік-жігерін күшейтуге, ішкі дауысты тыңдауды үйренуге, мақсат қоюға, функционалдық сауаттылықты дамытуға көмектесті деп айтуға негіз бар. Келтірілген әдеби мысалдар мен орындалған тапсырмалар болашақта әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Қазақ әдебиетін оқытуда коучинг пен менторинг әдіс-тәсілдерін қолданудың мүмкіндігі мол көрінеді. Алайда, мектеп сабақтарын бизнес-коучингке айналдырып, оны орынсыз артық пайдалану қисынсыз сияқты. Сол себепті, оқытуда коучинг пен менторингті ара-тұра пайдалану оқу процесіне ешқандай кедергі келтірмейді және оқытушының пәнді оқытуда қолданатын әдіс-тәсілдерін көбейтеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Goldensohn L. Elizabeth Bishop: the biography of a poetry. New York: Columbia University Press, 1992. — 306 p.
- 2 Fullan M.G. Change Forces: The Sequel, Routledge. — 2005.
- 3 «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. — Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. — 104 б.
- 4 «Қазақ тілі және әдебиеті (Т2)», «Орыс тілі және әдебиеті (Я2)», «Көркем еңбек» кіріктірілген пәндерді оқыту бойынша әдістемелік құрал. Әдістемелік құрал. — Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. — 135 б.
- 5 Kadyrova S. “The role of the mentor in the first year of teaching” / S. Kadyrova // NUGSE Research in Education. — 2017. — Vol. 2. — No. 1. — P. 27–35.
- 6 Sarmurzin Ye. “I Feel Abandoned”: Exploring School Principals’ Professional Development in Kazakhstan”. / Ye. Sarmurzin, G. Menlibekova, A. Orynbekova // The Asia-Pacific Education Researcher. — 2022. — P. 1–11. <https://doi.org/10.1007/s40299-022-00682-1>.
- 7 Lofthouse R. Coaching for teaching and learning: a practical guide for schools: Guidance report / R. Lofthouse, D. Leat, C. Towler. — 2010. — 306 p.
- 8 Armstrong H. “Coaching as dialogue Creating spaces for (mis)understandings” / H. Armstrong // International Journal of Evidence-Based Coaching and Mentoring. — 2012. — Vol. 10. — No. 1. — P. 33–47.
- 9 Koroleva Y. The Role of Mentoring in Teacher Professional Development [Master’s thesis] / Y. Koroleva. — Nazarbayev University Graduate School of Education, 2017. — 67 p.
- 10 Connor M. Coaching and mentoring at work: developing effective practice / M. Connor, J. Pokora. — London, England: Open University Press/Mcgraw-Hill Education. — 2017. — 304 p.
- 11 Satchwell K. Mentoring literature review / K. Satchwell. — Alberta: Children’s Services. — 2006.
- 12 Roberts A. “A historical account to consider the origins and associations of the term mentor” / A. Roberts, A. Chernopiskaya // History of Education Society Bulletin. — 1999. — Vol. 64. — No. Nov. — P. 81–90.
- 13 Anderson E.M. “Toward a conceptualization of mentoring” / E.M. Anderson, A.L. Shannon // Journal of Teacher Education. — 1988. — Vol. 39. — No. 1. — P. 38–42.
- 14 Kochan F. Analyzing the Relationships Between Culture and Mentoring / F. Kochan // Mentoring & Tutoring: Partnership in Learning. — 2013. — Vol. 21. — No. 4. — P. 412–430. <https://doi.org/10.1080/13611267.2013.855862>
- 15 Abedin Z. “Deriving Competencies for Mentors of Clinical and Translational Scholars” / Z. Abedin, E. Biskup, K. Silet, J.M. Garbutt, K. Kroenke, M.D. Feldman, Jr R. McGee, M. Fleming, H.A. Pincus // Clinical and Translational Science. — 2012. — Vol. 5. — No. 3. — P. 273–280. <https://doi.org/10.1111/j.1752-8062.2011.00366.x>
- 16 Sands R.G. “Faculty mentoring faculty in a public university” / R.G. Sands, A.L. Parson, J. Duane // Journal of Higher Education. — 1991. — Vol. 62. — No. 2. — P. 174–193.
- 17 Alred G. “Learning to Produce Knowledge” / G. Alred, B. Garvey // Contribution of Mentoring, Mentoring and Tutoring. — 2000. — Vol. 8. — No. 3. — P. 261–272. <https://doi.org/10.1080/713685529>
- 18 Jekielek S.M. Mentoring: A Promising Strategy for Youth Development / S.M. Jekielek, K.A. Moore, E.C. Hair, H.J. Scarupa. Washington. — 2002.
- 19 Van Nieuwerburgh C. Coaching in education: getting better results for students, educators and parents / C. Van Nieuwerburgh. — London: Karnac. — 2012.
- 20 Lay K. Learning mentor support: an investigation into its perceived effect on the motivation of pupil premium students in year 11 / K. Lay // The STeP Journal Student Teacher Perspectives. — 2017. — Vol. 4. — No. 1. — P. 42–54.
- 21 Fletcher S. The SAGE handbook of mentoring and coaching in education / S. Fletcher, C.A. Mullen. — London: Sage. — 2012.

- 22 Priestley M. "Schools, teachers, and curriculum change: A balancing act?" / M. Priestley // Journal of Educational Change. — 2010. — Vol. 12. — No. 1. — P. 1–23. <https://doi.org/10.1007/s10833-010-9140-z>
- 23 Gallwey W.T. The inner game of tennis / W.T. Gallwey. — New York: Random House. — 1979.
- 24 Maslow A.H. Motivation and Personality / A.H. Maslow. — 2nd edn. — 1970.
- 25 Braun V. Successful qualitative research. A practical guide for beginners / V. Braun, V. Clarke. — London, SAGE. — 2013.
- 26 Абай. Қара сөздер / Абай. — Алматы: Өнер. — 2005. — 85 б.
- 27 Everard K.B. Effective school management / K.B. Everard, G. Morris, I. Wilson. — London: Chapman. — 2004.
- 28 Wallace S. Mentoring (Professional development in the lifelong learning sector) / S. Wallace, J. Gravells. — 2nd edn. Exeter: Learning Matters. — 2007. — 128 p.
- 29 Құдайбердиев Ш. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер / Ш. Құдайбердиев. Алматы: Жазушы. — 1988. — 560 б.
- 30 Құнанбаев А. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер: жинақ / А. Құнанбаев. — Алматы: Өлке, 2012. — 505 б.
- 31 Керімбекова Б. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық / Б. Керімбекова, Ө. Қуанышбаева. — Алматы: Мектеп, 2017. — 120 б.
- 32 Ақтанова А.С. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / А.С. Ақтанова, А.К. Жундибаева. — Алматы: Атамұра. — 2017. — 176 б.
- 33 Тұрсынғалиева С.Ч. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / С.Ч. Тұрсынғалиева, Р. Зайкенова. — Астана: «Арман-ПВ». — 2017. — 192 б.
- 34 Торайғыров С. Үш томдық шығармалар жинағы / С. Торайғыров. — Алматы: Жібек жолы. — 2002. — 176 б.
- 35 Аляутдинов Ш. Триллионер думает / Ш. Аляутдинов. — СПб.: Диля, 2013. — 368 с.
- 36 Мағауин М. Мен. Ғұмырбаяндық хамса / М. Мағауин. — Алматы, Гаухар, 1998. — 590 б.
- 37 Tracy B. The 21 Success Secrets of Self-Made Millionaires: How to Achieve Financial Independence Faster and Easier Than / B. Tracy // You Ever Thought Possible. — 2001. — 88.

А.К. Каринов, Ж.К. Смагулов, Р.Т. Сағадатов

Научные и практические особенности применения методов коучинга и менторинга в преподавании казахской литературы

В статье рассмотрена научная и практическая перспектива применения методов коучинга и менторинга при обучении учащихся средних школ произведениям казахских поэтов и писателей, включенным в образовательное содержание предмета «Казахская литература». Находясь в моральных ценностях, литература взаимодействует с такими областями, как коучинг, менторинг, психология, личностное развитие и бизнес. Исследование основано на анализе фокус-групповых интервью, проведенных с целью определения «жизненных сценариев», подготовленных участниками в ходе месячного курса коучинга и менторинга, а также на возможности использования литературы в обучении с применением новых методов. В статье сделан вывод, что внедрение методов коучинга и менторинга в преподавание казахской литературы помогает учащимся достигать своих целей. Преподавание литературных произведений с использованием методов коучинга и менторинга ранее в отечественных школах не применялось. Авторами приведен пример применения методов коучинга и менторинга учителями при преподавании школьных предметов.

Ключевые слова: казахская литература, метод, коучинг, менторинг, обучение, жизненный сценарий, использование новых методов.

A.K. Karinov, Zh.K. Smagulov, R.T. Sagadatov

Scientific and practical features of the application of coaching and mentoring methods in teaching Kazakh literature

This research investigates the scientific and practical features of incorporating coaching and mentoring methods into the instruction of secondary school students studying the works of Kazakh poets and writers, as integral components of the educational curriculum under the subject "Kazakh literature". In the dissemination of moral values, literature interfaces with various domains such as coaching, mentoring, psychology, personal development, and business. The investigation is grounded in an analysis of focus group interviews conducted to elucidate the "life scenarios" crafted by participants during a month-long coaching and mentoring course. Additionally, it explores the feasibility of integrating literature into education through innovative methods.

The findings of the research suggest that the implementation of coaching and mentoring techniques in the instruction of Kazakh literature contributes significantly to students' goal attainment. Remarkably, the utilization of coaching and mentoring methodologies for teaching literary works has not been employed before in domestic educational settings. The article furnishes an illustrative instance showcasing the application of coaching and mentoring methods by educators in the context of teaching various school subjects. In conclusion, the study underscores the transformative potential of incorporating coaching and mentoring strategies into the teaching of Kazakh literature, offering both theoretical insights and practical applications for educators and researchers in the field.

Keywords: Kazakh literature, method, coaching, mentoring, teaching, life scenario, use of new methods.

References

- 1 Goldensohn, L. (1992). *Elizabeth bishop: the biography of a poetry*. New York: Columbia University Press.
- 2 Fullan, M.G. (2005). *Change Forces: The Sequel*. Routledge.
- 3 (2023). “2023-2024 oqu zhylynda Qazaqstan Respublikasynyn orta bilim beru uiymdaryndagy oqu-tarbie protsesinin erekshelikteri turaly” adistemelik nusqau khat [Methodological instruction letter “On the peculiarities of the educational process in secondary educational organizations of the Republic of Kazakhstan in the 2023-2024 school year”]. Astana: Y. Altynsarin atyndagy UBA [in Kazakh].
- 4 (2016). “Qazaq tili zhane adebieti (T2)”, “Orys tili men adebieti (Ya2)”, “Korkem enbek” kiriktirilgen panderdi oqytu boiynsha adistemelik qural. Adistemelik qural [Methodological manual for teaching integrated subjects “Kazakh language and literature” (L 2), “Russian language and literature” (L 2). “Artistic work” for primary school]. Methodological manual. Astana: Y. Altynsarin atyndagy Ultyq bilim akademiiasy [in Kazakh].
- 5 Kadyrova, S. (2017). “The role of the mentor in the first year of teaching”. *NUGSE Research in Education*, 2(1), 27–35.
- 6 Sarmurzin, Ye., Menlibekova, G., & Orynbekova, A. (2022). “I Feel Abandoned”: Exploring School Principals' Professional Development in Kazakhstan”. *The Asia-Pacific Education Researcher*, 1–11. <https://doi.org/10.1007/s40299-022-00682-1>.
- 7 Lofthouse, R., Leat, D., & Towler, C. (2010). *Coaching for teaching and learning: a practical guide for schools: Guidance report*.
- 8 Armstrong, H. (2012). “Coaching as dialogue Creating spaces for (mis) understandings”. *International Journal of Evidence-Based Coaching and Mentoring*, 10(1), 33–47.
- 9 Koroleva, Y. (2017). *The Role of Mentoring in Teacher Professional Development* [Master’s thesis]. Nazarbayev University Graduate School of Education.
- 10 Connor, M. & Pokora, J. (2007). *Coaching and Mentoring at Work: Developing Effective Practice*. Maidenhead: Open University Press.
- 11 Satchwell, K. (2006). *Mentoring Literature Review*. Alberta Children’s Services: Sue Waring, Rick Walters.
- 12 Roberts, A. & Chernopiskaya, A. (1999). “A historical account to consider the origins and associations of the term mentor”. *History of Education Society Bulletin*, 64(Nov), 81–90.
- 13 Anderson, E.M. & Shannon, A.L. (1988). “Toward a conceptualization of mentoring”. *Journal of Teacher Education*, 39(1), 38–42.
- 14 Kochan, F. (2013). “Analyzing the Relationships Between Culture and Mentoring”. *Mentoring & Tutoring: Partnership in Learning*, 21(4), 412–430. <https://doi.org/10.1080/13611267.2013.855862>.
- 15 Abedin, Z., Biskup, E., Silet, K., Garbutt, J.M., Kroenke, K., Feldman, M.D., McGee Jr, R., Fleming, M., & Pincus, H.A. (2012). “Deriving Competencies for Mentors of Clinical and Translational Scholars”. *Clinical and Translational Science*, 5(3), 273–280. <https://doi.org/10.1111/j.1752-8062.2011.00366.x>.
- 16 Sands, R.G., Parson, A.L., & Duane, J. (1991). “Faculty mentoring faculty in a public university”. *Journal of Higher Education*, 62(2), 174–193.
- 17 Alred, G. & Garvey, B. (2000). “Learning to Produce Knowledge”. *Contribution of Mentoring, Mentoring and Tutoring*, 8(3), 261-272. <https://doi.org/10.1080/713685529>.
- 18 Jekielek, S.M., Moore, K.A., Hair, E.C., & Scarupa, H.J. (2002). *Mentoring: A promising strategy for youth development*. Washington.
- 19 Van Nieuwerburgh, C. (2012). *Coaching in Education: Getting better results for students, educators and parents*. London: Karnac.
- 20 Lay, K. (2017). “Learning mentor support: an investigation into its perceived effect on the motivation of pupil premium students in year 11”. *The STeP Journal. Student Teacher Perspectives*, 4(1), 42–54.
- 21 Fletcher, S. & Mullen, C.A. (2012). *The SAGE handbook of mentoring and coaching in education*, London: Sage.
- 22 Priestley, M. (2010). “Schools, teachers, and curriculum change: A balancing act?”. *Journal of Educational Change*, 12(1), 1-23. <https://doi.org/10.1007/s10833-010-9140-z>.
- 23 Gallwey, W.T. (1979). *The inner game of tennis*. New York: Random House.
- 24 Maslow, A.H. (1970). *Motivation and Personality*, 2nd edn.

- 25 Braun, V., & Clarke, V. (2013). *Successful qualitative research. A practical guide for beginners*. London, SAGE.
- 26 Abay. (2005). *Qara sozder [Edification words]*. Almaty: Oner [in Kazakh].
- 27 Everard, K.B., Morris, G., & Wilson, I. (2004). *Effective School Management, 4th edn*. London: Paul Chapman Pub.
- 28 Wallace, S., & Gravells, J. (2007). *Mentoring (Professional development in the lifelong learning sector), 2nd edn*. Exeter: Learning Matters.
- 29 Kudaiberdiyev, S. (1988). *Shygarmalary: olender, dastandar, qara sozder [Works: Poems, epics, of words of edification]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 30 Kunanbayev, A. (2012). *Olender men audarmalar, poenalar, qarasozder: zhinaq [Poems and translations, poems, words of edification: collection]*. Almaty: Olke [in Kazakh].
- 31 Kerimbekova, B., & Quanyshbayeva, A. (2017). *Qazaq adabiet. Zhalpy bilim beretin mekteptin 5-synybyna arналған оқулық [Kazakh literature. Textbook for the 5th grade of secondary school]*. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 32 Aktanova, A.S., & Zhundibayeva, A.K. (2017). *Qazaq adabiet. Zhalpy bilim beretin mekteptin 7-synybyna arналған оқулық [Kazakh literature. Textbook for the 7th grade of secondary school]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 33 Tursyngaliyeva, S., & Zaikenova, R. (2017). *Zhalpy bilim beretin mekteptin 7-synybyna arналған оқулық [Textbook for the 7th grade of secondary school]*. Astana: Arman-PV [in Kazakh].
- 34 Toraigyrov, S. (2002). *Ush tomdyq shygarmalar zhinagy [A collection of works in three volumes]*. Almaty: Zhibek zholy [in Kazakh].
- 35 Alyautdinov, Sh. (2013). *Trillioner dumaet [Trillionaire thinks]*. Saint-Petersburg: Dilia [in Russian].
- 36 Magauin, M. (1998). *Men. Gumyrbaiandyq khamisa [Me: My autograph]*. Almaty: Gauhar [in Kazakh].
- 37 Tracy, B. (2001). *The 21 Success Secrets of Self-Made Millionaires: How to Achieve Financial Independence Faster and Easier Than You Ever Thought Possible*.

Information about authors

Karinov, A.K. — PhD Student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: abylyayqarin@gmail.com.

Smagulov, Zh.K. — Doctor of Philological Sciences, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: jandossmagulov@mail.ru.

Sagadatov, R.T. — Master of Pedagogical Sciences, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan. E-mail: raibek.sagadatov.94@gmail.com.